

02.09.2022ж.

Түркістан қаласы.

**Ата-аналар жиналысының
Хаттамасы №1**

Қатысқан ата-аналар саны: 145

Жиналыс төрағасы мектеп директоры: Куатбекова Р.Т

Жиналыс хатшысы:Амалбек А.М .

Күн тәртібінде:

- Өткен жылда атқарылған жұмысына есеп.
- Жаңа оқу жылына ата-аналар комитетінің құрамын сайлау.
- Мектеп оқушыларының сабаққа қатысуы,оқу құралдарын, оқушы тәртібі, формасы туралы.
- Мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру.
- Мектеп психологының баяндамасы «Қиын бала қайдан шығады»
- Мектеп мед бикесінің баяндамасы «Оқушылардың жұқпалы аурулардан сақтық шаралары.
- Әртүрлі мәселелер.

Ата-аналар жиналысының кезекті отырысы күн тәртібіндегі мәселелерді дауысқа салу арқылы мақұлдап, әр мәселені түбегейлі шешуге кірісті.

Тыңдалды: мектеп директоры Куатбекова Р.Т Алғашқы мәселе бойынша өткен оқу жылына есеп берді. Өткен оқу жылы мектеп ұжымы мен ата-аналар үшін де жемісті болғандығын, мектеп оқушылары аудан,облыс көлемінде білім сайыстары мен олимпиадаларға, спорттық сайыстарға,ғылыми конференцияларға қатысып, жүлделі орындарды иеленгендігін атап өтті. Үстіміздегі оқу жылында ҰБТ-ға қатысатын оқушыларды даярлаудың сапасын арттыру –мектептің басты міндет екендігін айтты. Осыған байланысты оқушыларды қосымша сабақтарға қатыстыру ата-ананың жауапкершілігінде екендігі айтылды. Мектеп оқушыларының білім сапасын арттыру ісіне байланысты мектепте мұғалімдер жүйелі түрде жұмыстар атқаратындығы айтылды. Оқушыны мектепке дайындықпен жіберу –ата-аналардың міндеті екендігі тағы да ескертіліп, саналы білім беріп,оқушыны мемлекет талабына сай даярлау –мектеп әкімшілігі мен пән мұғалімдерінің еншісіндегі мәселе. Осы міндеттерімізді талапқа сай,адал, жемісті атқарайық деп өз сөзін аяқтады.

2022-2023 оқу жылында жоспарланған тәрбиелік бағыттағы жұмыстарға тоқталсақ, үстіміздегі оқу жылында мектебіміз тәрбие

жұмысын ұжымдық-комплектті түрде жүргізуді жоспарлан отыр. Осы оқу жылында тәрбие жұмысын ата-аналар мен мектеп ұжымының бірлескен ұйымын құру арқылы жұмыла жүргізгелі отырмыз. Аталмыш ұйымның мақсаты- жеке тұлғаны қалыптастыруда ата-ана, мектеп басшылары мен психологы, сынып жетекшісі болып жұмыла тәрбиелеу.

Күн тәртібіндегі келесі мәселеде ата-аналар комитетінің жаңа құрамын сайлады. Ата-аналардың ұсынысымен ата-аналар кеңесінің жаңа оқу жылындағы құрамы төмендегіше белгіленді:

1. Жаназарова З.Ә – ата-аналар комитетінің төрағасы
2. Төрежанов С.Қ - ата-аналар ұйымының мүшесі
3. Туганбаева А.М – ата-аналар комитеті мүшесі
4. Асылбекова А – ата-аналар комитетінің мүшесі

Ата-аналар комитетінің жаңа оқу жылында атқаратын іс-шаралары белгіленіп, жаңа бағыттағы міндеттер қарастырылды. Ұйымның бірлесе отырып атқаратын жұмыстары да белгіленді. Ата-аналар мектеп ұжымымен бірлескен отырыста жеке келісім шартқа отырып, тәрбие жұмысының бағыт-бағдарымен танысты. Бала тәрбиесіндегі ата-аналардың жауапкершілігі ескертілді. Ата-аналар арасында қосымша ақылай үйірмелер ашуды қолға ашуды ұсынғандар да болды. Бұл сұрақтарға директор Қуатбекова Р.Т осы сұрақтарға тыңғылықты жауап беріп, түсіндіріп өтті.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасар Бимырзаева А.М сөз алды. Ол өз сөзінде 4-ші сынып оқушыларының қазіргі кездегі оқу үлгерімі жайлы мәлімдеме жасады. Оқушыларды ата-аналардың қадағалауын, сабақтан қалдырмауын ескертті. Қосымша оқушылардың дайындық нәтижелерін жақсату мақсатында байқау кітапшаларымен жұмыс жасаудың оқушылар үшін тиімділігін туралы айтты.

Күн тәртібіндегі келесі мәселеде «Мектеп оқушыларының оқу құралдары, формасы, сабаққа қатысуы, тазалығы, тәртібінің жайы» туралы ДТЖО Әленова М.М сөзге шықты.

Тыңдалды: ДТЖО Әленова М.М. Мектеп оқушыларының барлығы мектеп формасымен қамтамасыз етілгенін, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығымен бекітілген ережені ата –аналардың орындаулары керектігіне тоқталды. Мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстырды.

2022-2023 оқу жылына арналған мектеп формасы талаптарының міндеттігін, сабақ уақытында оқушылардың ұялы телефон қолданылуына тыйым салынатындығы, оқушылар мектепке әшекей заттар мен қымбат, адам өміріне қауіп төндіретін кескіш, жарылғыш заттарды алып келуге тыйым салынатындығы;

Ата-аналар, мектепке оқушылардың арнайы мектеп формасында келуін, сабаққа үйде тыңғылықты даярлануын, сабақтан кешікпеуін, кешкі уақыттарда көшеге шықпауын қамтамасыз етулеріңізді ерекше сұранамыз.

Күн тәртібіндегі келесі мәселеде мектеп психологы Берік Н.Б «Қиын бала қайдан шығады» тақырыбында баяндама жасады.

Тыңдалды: психологы Берік Н.Б. Қиын бала қоғамдық факторлардың әсерінен пайда болады. Ол факторларға ата-ана, мұғалім, күрбы-күрдастарының т.б. әсерінен пайда болады. Қиын бала әртүрлі кайғылы жағдайларға ұрынып кетуі де мүмкін. Сондықтан да,суицидтік мінез-құлыққа апармау мақсатында қиын баламен тыңғылықты жұмыс жүргізу керек. Дау – жапжал туындауға себеп болатын оқушылар тәрбиесіз ата-аналардың отбасынан шығатыны жасырын емес. Психологиялық сауаттылықпен жүргізілген тәрбие жұмысы өзінің оң нәтижесін береді. Берік Н.Б. ата-аналар мен сынып жетекшілерге қатысты арнайы мәліметтер мен нұсқаулар берді. Күн тәртібіндегі келесі ДТДЖО: Әленова М.М берілді

Тыңдалды: ДТДЖО: Әленова М.М Ол өз сөзінде ата-аналар тарапынан баланы күнделікті бақылауға алу керектігін, оның сабақ үлгерімі мен киім киюіне, жүріс-тұрысына, жора-жолдастарының, қоршаған ортасының қандай екендігіне түбегейлі көңіл болу керектігіне тоқталды. Оқушы ережесінде көрсетілген талаптарды орындау ата-аналардың парызы екендігін баса айтты. Сондай-ақ ҚР Заңнамаларында көрсетілген баптар бойынша ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершіліктерін түсіндірді. Жарыссөзге шығушылар ата-аналар ұйымының төрағасы Жаназарова З.Э өз сөзінде ұстаздар мен ата-аналар қауымын бірлесе жұмыс атқаруға шақырды. Әсіресе, мектепке діни киім киіп келу арқылы оқушының еркіндігі мен «ҚР Бала құқығы туралы конвенциясында» көрсетілген талаптарға қарсы шығып отырғандығын ата-аналар түсініп жетуі керек екендігін ескертті. Күн тәртібіндегі бұл мәселеде «Оқушыларды жұқпалы аурулардан сақтандыру шаралары» тақырыбында медбике Уали А баяндама жасады.


Сөз алды: директор Қуатбекова Р.Т оқулықтардың тарқатылуына байланысты ата-аналардың ой пікірін тыңдады, ата-аналар тарқатылған оқулықтарға қарсы еместігін айтып жетпеген оқулықтарын сатып алып беретіндерін айтты. Директор Қуатбекова Р.Т ата-аналарға сабаққа келіп енулерін ұсынды.

№1 Ата-аналар жиналысы қаулы етеді:

1. Өткен оқу жылында атқарылған жұмыстардың есебі қанағаттанарлық деп табылсын.
2. 2022-2023 оқу жылындағы ата-аналар комитетінің төрағасы ретінде Жаназарова З.Э танылсын.
3. Ата-аналар комитетінің құрамына төмендегі ата-аналар енгізілсін:
 1. Жаназарова З.Э – ата-аналар комитетінің төрағасы
 2. Төрежанов С.Қ - ата-аналар ұйымының мүшесі
 3. Туганбаева А.М – ата-аналар комитеті мүшесі
 4. Асылбекова А – ата-аналар комитетінің мүшесі
4. Мектеп оқушыларының оқу құралдары, формасы, сабаққа қатысуы, тазалығы, тәртібінің жайын қадағалау ісі ҚР-ның «Білім туралы» заңының 49-бап 2-тармағын негізге ала отырып ата –аналарға міндеттелсін.

5. Мектептің ішкі тәртіп ережесіне бағыну
6. Мектеп оқушылары арасында құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары жоспарлы іске асырылсын.
7. Жасоспірімдер арасында құқық бұзушылықты болдырмауға байланысты іс-шаралар кестеге сай жүзеге асырылсын.
8. Оқушылардың білім сапасын көтеру, мақсатында балаларын сабақтан себепсіз алып қалмау бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу ата-аналар комитетіне міндеттелсін.
9. Оқушылардың жеке бас гигиенасын сақтау мен денсаулығын қадағалау ісі ата-аналар мен сынып жетекшілерге және мед бикеге жүктелсін.
10. Жалпы бақылау мен басшылық жасау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Әленова М.М жүктелсін

Жиналыс төрағасы:  Куатбекова Р.Т

Жиналыс хатшысы:  Амалбек А.М

